

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каримова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Мурадова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгыль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж., «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет

The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

II

**ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ
МАҚСАТЫНДАҒЫ МЕНТАЛДЫ
ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-
АУҚАТ**

**МЕНТАЛЬНОЕ ЗДОРОВЬЕ И
ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ
В ЦЕЛЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ
ОБЩЕСТВА**

**MENTAL HEALTH AND PSYCHOLOGICAL
WELL-BEING FOR THE SUSTAINABLE
DEVELOPMENT OF SOCIETY**

4. Kaiser, T. and A. Lusardi. 2024. "Financial literacy and financial education: An overview." NBER Working Paper No. 32355.
5. Сенченков Н. П., Цыганкова А. Н. К вопросу о трактовке понятия «финансовая грамотность» // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2021. – № 3 (102). – С. 211-219.
6. Khurram Rehman and Md Aslam Mia. «Determinants of financial literacy: a systematic review and future research directions.» Future Business Journal (2024) 10:75 <https://doi.org/10.1186/s43093-024-00365-x>
7. Marc Oliver Rieger. «How to Measure Financial Literacy?» Journal of risk and financial management (2020)
8. Dr. Taqadus Bashir, Assistant Prof.Asba Arshad, MS. Scholar Aleena Nazir, MS. Scholar Naghmana Afzal, MS. Scholar FINANCIAL LITERACY AND INFLUENCE OF PSYCHOSOCIAL FACTORS European Scientific Journal October 2013 edition vol.9, No.28 ISSN: 1857 – 7881 (Print) e - ISSN 1857- 7431
9. Habibah U., bhayo M. U.R. What determines household's financial behavior? A case of Punjab, Pakistan. Finance:Theory and Practice. 2024;28(6):186-195. DOI: 10.26794/2587-5671-2024-28-6-1151-01
10. Lewis Mandell and Linda Schmid Klein. «The Impact of Financial Literacy Education on Subsequent Financial Behavior». Journal of Financial Counseling and Planning Volume 20, Issue 1 2009
11. Shobha T.S., Chakraborty S. Psychological Factors Contributing to the Financial Well-Being of an Individual: A Review of Empirical Literature //Indian Journal of Finance. 2017. Vol. 11. Iss. 10.URL: DOI:10.17010/ijf/2017/v11i10/118775.
12. Литвинова В. В. Финансовое поведение человека и определяющие его факторы // Журнал экономической теории. — 2020. — Т. 17. — № 1. — С. 230-237
13. Wirawan Endro Dwi Radiantoa, Heribertus Andre Purwanugrah, Heru Kristantoc, Tommy Christian, Efrataa and Ika Raharja Salim. «The role of mental accounting and financial attitudes in shaping financial behavior among entrepreneurial students using fintech». Decision Science Letters 14 (2025) 123–132
14. Kenny Skagerlunda, Thérèse Lindb, Camilla Strömbäckb, Gustav Tinghögb, Daniel Västfjäll. «Financial literacy and the role of numeracy–How individuals' attitude and a nity with numbers in uence nancial literacy». Journal of Behavioral and Experimental Economics 74 (2018) 18-25
15. Назарова А.Ю., Петров В.Е., Чуманов Ю.В. Психологическая детерминация финансовой грамотности в современных зарубежных исследованиях. Вестник Московского университета МВД России - № 4 – 2020. – С. 291-295

УДК 159.972

ӘРТҮРЛІ ТӘУЕЛДІЛІКТЕГІ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЕМДЕЛУГЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ПСИХИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРІ

КОЖАХМЕТОВА ДИНАРА ТЛЕУЖАНҚЫЗЫ

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Клиникалық психология ББ магистранты

Астана, Қазақстан

dika_8383@mail.ru

Ғылыми жетекші — Байжуманова Б.Ш.

Пс.ф.к., доцент

Аннотация. Химиялық және химиялық емес заттарға тәуелділік дүние жүзінің миллиондаған адамдарына әсер ететін елеулі проблема болып табылады. Тәуелділікті

емдеу медициналық және психологиялық қолдауды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Оңалту орталықтары пациенттерді қалпына келтіру процесі үшін қажетті ресурстармен және қолдаумен қамтамасыз ету арқылы сауығу процесінде басты роль атқарады. Бұл мақалада оңалту орталығында емдеудің тәуелді адамдардың психикалық жағдайына тигізетін әселі талқыланады. Зерттеу жүргізу үшін жеке тұлға мен психопатологияның түрлі аспектілерін бағалауға мүмкіндік беретін Қысқартылған көпфакторлы тұлға (СМОЛ) сауалнамасының деректері пайдаланылды. Зерттеу екі кезеңді қамтыды: емдеу басталғанға дейін және оңалту курсы аяқталғаннан кейін науқастың жағдайын бағалау. Іріктемеге Астана қаласының «SanaSezim» оңалту орталығында емделген 10 науқас кірді. Емделуге дейінгі және емдеуден кейінгі тұлға профилі шкаласының бірқатар көрсеткіштері талданды.

Кілт сөздер: химиялық заттар, химиялық емес заттар, оңалту, тәуелділік, емдеу, науқас, медициналық көмек, психологиялық көмек, сауығу, қолдау, шкала, сараптама, нәтиже, тұлға, көрсеткіш.

Kipicne. Қысқартылған Көпфакторлы тұлға сауалнамасы (СМОЛ) ММРІ (Миннесот көпаспектілі тұлғалық сауалнамасы) тестіне негізделген, психодиагностикалық мүмкіндіктері өте бай. 20-шы ғасырдың екінші жартысында ММРІ медицинада ең жиі қолданылатын психологиялық тесттердің бірі болды [5]. Бірақ, ММРІ тестін жүргізу көп еңбек пен уақыт шығындарына негізсіз үлкен болып табылады, себебі тест сұрақтарына жауаптар (377, 384, 550 немесе 566 көлемінде болады) көбінесе тестке қатысушыларға кемінде бір сағат уақыт кетеді, бұл көптеген жағдайда науқастарды шаршатады, қателіктерге әкеп соғады, тіпті кейде тестілеуді аяқтаудан бас тартуға әкеледі [5]. Сондықтан ММРІ-ді қолдану әсіресе ауыр соматикалық аурулар кезінде, жаппай тексеру кезінде, амбулаториялық негізде және т.б. көп жағдайда қиынға соғады [2].

СМОЛ Mini-Mult психологиялық сауалнама тестінің бейімделген және стандартталған нұсқасы болып табылады, ол ММРІ сауалнамасының қысқартылған нысаны болып табылады. Аталмыш әдістеме нейро-эмоциялық тұрақтылық деңгейін, жеке қасиеттерінің интеграциялану дәрежесін, жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу деңгейін бағалауға мүмкіндік береді [3].

Дегенмен, тест медицинада кеңінен қолданылады. СМОЛ клиникалық (психиатрия, наркология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, пульмонология, гинекология, дерматологиялық, нейрохирургия, офтальмология, жүйке аурулары, СПИД аурулары) және профилактикалық-қалпына келтіру медицинасында пайдаланылады [4]. Соңғы жылдары көптеген дәрігерлер күн сайын СМОЛ сауалнамасын практикалық мақсаттарда: емдеу тиімділігінің диагнозы мен болжамын нақтылау, емдеу әдістерін таңдау және терапия процесінде психикалық жағдайдың динамикасын бақылау үшін қолданады [3].

Алынған тестілеу нәтижелерінің сапасы, оларды қорытынды жасау үшін пайдалану мүмкіндігі қосымша шкалалар бойынша балдардың мәніне байланысты анықталады.

Сараптама жүргізу үшін: интернет, сауалнама, зерттеу жүргізу уақыты 15-30 минутты құрайды.

Тестілеуді орындау кезінде әрбір берілген тұжырымдардың шындыққа сәйкес келетінін немесе жалған екендігін шеше отырып, тестілеудің барлық тұжырымдарын рет-ретімен оқу қажет. Барлық тұжырымдамаларға жауап беру керек.

Тест 11 шкаладан тұратын 71 сұрақты қамтиды: 8 - негізгі (1, 2, 3, 4, 6, 7, 8, 9) және 3 қосымша (L, F, K). СМОЛ шкалаларының нөмірлері ММРІ-ге сәйкес келетін шкалаларының нөмірлерімен бірдей. Негізгі шкалаларының әрқайсысы белгілі бір тұлғалық белгімен байланысты. Шкалалардың толық сипаттамасы және сынақтардың нәтижелерін түсіндіру схемалары арнайы құралдарда баяндалады [3].

Бағалау шкалалары:

1. Жалған шкаласы (L).
2. Сенімділік шкаласы (F).
3. Түзету шкаласы (K).

Негізгі шкалалар:

1. Ипохондрия (Hs).
2. Депрессия (D).
3. Истерия (Hy).
4. Психопатия (Pd).
6. Паранойялық (Pa).
7. Психастения (Pt).
8. Шизоид (Se).
9. Гипомания (Ma) [4].

Жеке тұлға бейінін құрғаннан кейін барлық шкалалар бойынша жоғары баллдар 70-тен асатын баллдарды құрайды. Төмен баллдар 40-тан төмен деп есептеледі.

Бірінші кестеде науқастардың оңалту орталығына түскендегі ем алуға дейінгі СМОЛ сауалнамасы бойынша сараптамасының тұлға профилі шкаласының көрсеткіштері берілген.

1 кесте

Әртүрлі тәуелділіктегі тұлғалардың емделуге дейінгі зерттеу нәтижелері

Науқас №	Емделуге дейінгі				
	сараптама күні	1 шың	балл	2 шың	балл
Науқас 1	18.06.2024	9	74	4	70
Науқас 2	01.05.2024	6	71	9	48
Науқас 3	15.04.2024	4	62	2	58
Науқас 4	09.04.2024	2	69	7	60
Науқас 5	03.09.2024	1	80	8	77
Науқас 6	13.08.2024	2	65	7	52
Науқас 7	26.03.2024	6	65	4	58
Науқас 8	15.04.2024	9	74	3	65
Науқас 9	03.04.2024	9	75	6	77
Науқас 10	04.05.2024	6	71	1	64

Кестеден гипоманияның жоғары көрсеткіштері тітіркенушілік, негативті көзқарас және агрессияның жарылыстарымен қатарласуы мүмкін. Эмоцияларды бақылауда қиыншылықтар, импульсивті мінез-құлық және тәуекелге бейімділік, бұл тәуелділікті одан әрі қиындатуы мүмкін. Мұндай адамдар көңілсіздік пен күйзеліспен нашар күреседі, бұл да тәуелді мінез-құлыққа ықпал етуі мүмкін. Ипохондрияның жоғары көрсеткіштері артық күтім жасау мен артық алаңдаушылықты көрсетеді [1].

Шизоид шкаласының жоғары көрсеткіштері науқастардың әлеуметтік байланыстардан қашып, жалғыздықты қалайтынын көрсетеді. Көбінесе эмоцияларды білдіруде жетіспеушілік және эмоциялық байланыстарды орнатуда қиындықтар байқалады [1].

Паранойдты шкаласының жоғары көрсеткіштері сенімсіздік пен күдікті көрсетеді. Көбінесе науқастардың қудаланып жатқан сезім немесе зиян келтірмек болғаны туралы сезімі болады, агрессивті немесе қорғаныс мінез-құлығына бейімділікті көрсетеді [1].

Екінші кестеде науқастардың оңалту орталықтан шығып ем алғаннан кейінгі СМОЛ сауалнамасы сараптамасының тұлға профилі шкаласының көрсеткіштері берілген.

2 кесте

Әртүрлі тәуелділіктегі тұлғалардың емделуден кейінгі зерттеу нәтижелері

Науқас №	Емделуден кейінгі				
	сараптама күні	1 шың	балл	2 шың	балл
Науқас 1	11.05.2025	9	68	4	49
Науқас 2	11.05.2025	6	65	9	30
Науқас 3	11.05.2025	4	58	2	36
Науқас 4	10.05.2025	2	58	7	44
Науқас 5	10.05.2025	1	65	8	59
Науқас 6	10.05.2025	2	39	7	27
Науқас 7	11.05.2025	6	58	4	44
Науқас 8	11.05.2025	9	68	3	55
Науқас 9	11.05.2025	9	69	6	65
Науқас 10	10.05.2025	6	58	1	47

Кестеден көріп отырғандай айтарлықтай барлық көрсеткіштердің төмендеуін байқаймыз. Екі сараптаманың мерзім интервалы 9-13 ай.



1 сурет. СМОЛ сауалнамасы шкалалары

Мақаладағы науқастардың СМОЛ сауалнамасы шкаласы сипаттамалары төмендегі 3-кестеде берілген. Барлық сараптамалық деректер анонимді түрде жүргізілгендіктен, науқастардың аты- жөні көрсетілмейді.

3 кесте

Науқастардың емделуден кейінгі психикалық жағдайының өзгерістері

Науқас №	Ауытқу		Ауытқудың сипаттамасы
	1 шың	2 шың	
Науқас 1	6	21	гипомания мен психопатия көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті
Науқас 2	6	18	паранойялық пен гипомания көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті, гипоманияның төмен бағасы – жеткілікті түрде тұйық және ұстамды адамдарға тән.
Науқас 3	4	22	психопатия мен депрессия көрсеткіштері төмендеді, депрессия көрсеткішінің төмен мәні алаңдаушылық деңгейінің төмендеуін көрсетеді.
Науқас 4	11	16	депрессия мен психастения көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті
Науқас 5	15	18	ипохондрия мен шизоид көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті
Науқас 6	26	25	депрессия мен психастения көрсеткіштері төмендеді, психастенияның төмен бағасы - шешім қабылдай алатын және жауапкершілікті өз мойнына алуға қорықпайтын адамды көрсетеді.

Науқас 7	7	14	паранойялық пен психопатия көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті.
Науқас 8	6	10	гипомания мен истерия көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті.
Науқас 9	6	12	гипомания мен паранойялық көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті.
Науқас 10	13	17	паранойялық пен ипохондрия көрсеткіштері төмендеді, нормативті деңгейге түсті.

Үшінші кестеден екі кезеңдегі сараптамалар деректерінде бірқатар ауытқуларды көруге болады. Екінші кезеңдегі бірінші және екінші шыңның көрсеткіштерінің төмендеуін байқауға болады. Көбінесе көрсеткіштер нормативті деңгейге түсті [1].

Сараптама деректері нәтижелерін ашып көрсету кезінде белгілі бір қасиеттің ауырлық дәрежесін көрсететін жалпы баллдар есептеледі. Бір немесе бірнеше СМОЛ сауалнама шкаласы бойынша тест балдарының шекті мәндерінен асып кетуі үміткерде белгілі бір жеке сипаттамалардың бар-жоғын көрсетеді.

Қорытындылай келе, СМОЛ әдісін қолдана отырып жүргізілген зерттеу барысында тәуелді адамдардың оңалту орталықтарында емделуден кейінгі психикалық жағдайында бірқатар өзгерістердің болатындығы анықталды. Алынған нәтижелер зерттеуге қатысушылардың барлығында оң нәтиже көрсетті. Барлық науқастар емдеу курсынан өткеннен кейін өз жағдайының айтарлықтай жақсарғанын көрсетті, бұл қолданылатын бағдарламаның тиімділігін растайды.

Оңалту бағдарламасы науқастардың тәндік денсаулығына ықпал етіп қана қоймай, науқастардың психологиялық және эмоциялық жағдайына да елеулі әсер етеді. Оңалтудың маңыздылығы науқастар өз проблемаларымен жұмыс істеуіне, науқастарға толыққанды өмірге оралуға көмектесіп және біртіндеп өз өмірін бақылауды қалпына келтіруіне қауіпсіз және қолайлы жағдай жасайтына көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Портал о психологии Experemental Psychic [Электрондық ресурс] <https://experimental-psyhic.ru/test-mini-mult/>
2. Сокращенный многофакторный опросник исследования личности (Mini-Mult, СМОЛ) [Электрондық ресурс] <https://therapy.irkutsk.ru/doc/smol.pdf>
3. Сокращенный тест Мини Мульт СМОЛ [Электрондық ресурс] <https://post-ap.ru/sokrashchennyu-test-mini-mul-t-smol/>
4. Собчик Л.Н. (2003). Практикум по психодиагностике СМЛ (ММРЛ) стандартизированный многофакторный метод исследования личности. -Спб: Речь.
5. Березин Ф.Б., Мирошников М.П., Соколова Е.Д. (2011). Методика многостороннего исследования личности. – Мск: Консультант Плюс – Новый Технологии.